

## Салық төлеушілердің мемлекетпен өзара қарым қатынастарын бағалау рейтингі туралы Ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

БҰЙРЫҚ Қазақстан Республикасы Кіріс министрлігі 1999 жылғы 4 қараша N 1336а Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 18 қарашада тіркелді. Тіркеу N 979. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 16 маусымдағы N 293 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 16 маусымдағы N 293 бұйрығымен.*

*Үзінді:*

*"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңның 43-1-бабы 1-тармағына с ә й к е с*

*Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :*

*1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің мынадай бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:*

*1) Салық төлеушілер мен мемлекеттің өзара қарым-қатынастарын бағалау рейтингі туралы ережені бекіту туралы»1999 жылғы 4 қарашадағы N 1336а бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 979 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2000 ж., N 2, 192-құж. жарияланған);*

*2 ) . . . . .*

*2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Рахметов Н.Қ.) бір апталық мерзімде осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне және бұрын жарияланған ресми баспа б а с ы л ы м д а р ғ а ж і б е р с і н .*

*3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.*

*Министр*

Қазақстан Республикасындағы салық төлеушілердің барлық санаттары арасында салық заңдарына құрметпен қарауды насихаттау мақсатында

**Бұйырамын :**

1. Салық төлеушілердің мемлекетпен өзара қарым қатынастарын бағалау рейтингі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Осы бұйрықты үйлестіру мен бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Әкімшіліктендіру департаментіне ( С.К.Елшібеков) жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік кіріс  
министрлігінің

1999 жылғы 4 қараша N 1336а

бұйрығымен бекітілген

Салық төлеушілердің мемлекетпен өзара қатынасын бағалау рейтингісі  
т у р а л ы Е р е ж е < \* >

Ескерту: Ереже жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс  
министрінің 2001 жылғы 21 ақпандағы N 174  
бұйрығымен. V011435\_

Рейтингті айқындау тәртібі

Салық төлеушілердің мемлекетпен өзара қатынасын бағалау жекелеген өлшемдер бойынша алынған рейтингтердің сомасы сияқты айқындалатын жинақталған рейтинг негізінде жүргізіледі.

Өлшемдер (төртінші, тоғызыншы) бойынша бағалау мынадай формула бойынша айқындалады:

$O_r = O_b + (-) O_k$ , бұл жерде

$O_r$  - осы өлшем бойынша салық төлеушінің бағасы

$O_b$  - базалық коэффициент,

$O_k$  - өсу (түсу) қарқынының коэффициенті.

1) Салық жүктемесінің коэффициенті (%):

Акцизделген өнімдерді өндіруші және сатушы (төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша) кәсіпорындардан басқа, салық жүктемесінің коэффициенті (%)

R1-

---

Төленген салықтар бойынша	<-5	-5	-3	Базалық	+3	+5	>+5
жүктемесінің коэффициенті(%)				коэффициент			салық

---

Бағасы (балл)	-3	-2	-1	10	+1	+2	+3
---------------	----	----	----	----	----	----	----

---

Акцизделген өнімдерді өндіруші және сатушы кәсіпорындар үшін

R 1 -

---

Төленген салықтар бойынша	<-5	-5	-3	Базалық	+3	+5	>+5
салық жүктемесінің коэффициенті(%)				коэффициент			коэффициент

---

Бағасы (балл)	-3	-2	-1	10	+1	+2	+3
---------------	----	----	----	----	----	----	----

---

Осы өлшемді айқындау кезінде есеп беру кезеңіндегі кәсіпорынның жылдық жиынтық кірісіне өткен кезеңдердегі жойылған берешек сомаларын есепке алмай салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерінің сомасы арасындағы қатынасты табу қажет.

өткен кезеңдердегі өтелген берешек сомаларын есепке  
 Салық жүктемесіне= $\left( \frac{\text{алмағанда, төленген салықтардың сомасы}}{\text{жиынтық жылдық кіріс}} \right) \times 100\%$

Әрбір есеп беру кезеңі бойынша базалық коэффициенті ҚР МКМ беріледі.

2) Өткен кезеңмен (жылмен) салыстыру бойынша салық түсімдерінің өсу қарқыны.

Шағын бизнес кәсіпорны үшін

R 2 -

---

Өсім қарқыны, түсімнің төмендеуі (%)	<-10	-5	-3	Базалық коэффициент	+3	+5	>+10
--------------------------------------	------	----	----	---------------------	----	----	------

---

Бағасы (балл)	-10	-5	-3	20	+3	+5	+10
---------------	-----	----	----	----	----	----	-----

Шағын бизнестен басқа салық төлеушілер үшін

R 2 -

---

Өсім қарқыны, түсімнің төмендеуі (%)	<-20	-15	-10	-5	-3	Базалық коэффициент	+3	+5	+10	+15	>+20
--------------------------------------	------	-----	-----	----	----	---------------------	----	----	-----	-----	------

---

Бағасы (балл)	-10	-7	-5	-2	-1	20	+1	+2	+5	+7	+10
---------------	-----	----	----	----	----	----	----	----	----	----	-----

---

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімінің өсу (төмендеу) қарқынын айқындау үшін өткен кезеңде (жылы) түскен салық сомаларына есеп беру кезеңінде (жылы) бюджетке түскен салық сомалары арасындағы қатынасты табу қажет.

Өсу қарқыны = $\left( \frac{\text{Есеп беру кезеңінде түскен салық сомасы}}{\text{өткен кезеңде түскен салық сомасы}} \right) \times 100\%$ .

Өткен кезеңде түскен салық сомасы

Әрбір есеп беру кезеңі бойынша базалық коэффициенті ҚР МКМ беріледі.

3) Аймақтық (Алматы қаласынан басқа) бюджетке қатысу үлесі

	R	3	-					
Кәсіпорынның аймақтық бюджетке қатысу	>10	5	3	2	1	0,5		
Бағасы (балл)	15	10	5	3	2	1,5		

Алматы қаласының аймақтық бюджетке қатысу үлесі

	R	3	-					
Кәсіпорынның аймақтық бюджетке қатысу	>5	3	2,5	2	1,5	1	0,7	0,5
Бағасы (балл)	15	9	7,5	6	4,5	3	2	1,5

Осы коэффициент аймақ бойынша бюджетке нақты түскен салық сомаларына салық төлеушінің салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерінің барлық төленген сомаларына қатысы сияқты есептеледі.

Үлесі = ( Салық төлеушінің төленген салық сомалары ) x 100%.

Аймақ бойынша нақты түскен салық сомасы

Кәсіпорынның аймақ бюджетіне қатысу үлесі 0,5% аз болмау керек.

4) Өткен кезеңмен салыстыру бойынша салық борышының төмендеуі

	R	4	-					
Салық борышының төмендеу қарқыны (%)	100	>50	40	30	20	15	10	5
Бағасы (балл)	20	10	8	6	4	3	2	1

Алдыңғымен салыстыру бойынша есеп беру кезеңінде кәсіпорынның салық борышының төмендеу қарқынын айқындау кезінде өткен кезеңдегі салық борышы сомасына есеп беру кезеңіндегі салық борышы сомасы арасындағы қатынасты табу керек.

Төмендеу қарқыны = 100% - [ ( Есеп беру кезеңіндегі салықтар бойынша салық борышы ) x 100% ]

Өткен кезеңдегі салықтар бойынша салық борышы

5) Кәсіпорындардың ҚШҚ тексеру нәтижелері  
Осы көрсеткіш құжаттық (кешендік) тексеру жүргізгеннен кейін міндетті түрде айқындалады.

R 5 -

---

Тексеру нәтижелері бойынша есептелген сомалар (осындай қарқында)	Есептеулер жоқ	Өткен жылдың осындай кезеңі үшін көрсеткіштен аз есептелді	Өткен кезең үшін тексерулер жүргізілмеген	Өткен жылдың осындай кезеңі үшін көрсеткіштен артық
--	----------------	--	---	---

---

Бағасы (балл)	5	2	0	-5
---------------	---	---	---	----

R6-

---

Сатылған өнімдердің көлеміне қатысты жөніндегі есептелген сомалардың үлес салмағы (%)	10	7	5	2	0
---	----	---	---	---	---

---

Бағасы (балл)	0	+1	+3	+5	+10
---------------	---	----	----	----	-----

---

Кәсіпорынның ҚШҚ нәтижелері бойынша есептелген сомалар  
Үлес салмағы=(\_\_\_\_\_ ) x 100%

Салық төлеушінің сатқан өнімдерінің көлемі

6) Салық декларациясы мен есептерін берудің өз уақыттылығы

R7-

---

Есеп беру жылында декларацияны уақытында бермеу жағдайларының	Жағдайлар болған жоқ	Есептерді уақытында бермеу жағдайлары
---	----------------------	---------------------------------------



$$\text{ЕА бойынша берешектің төмендеу қарқыны} = \frac{\text{Есеп беру жылындағы ЕА бойынша берешек}}{\text{Өткен кезеңдегі ЕА бойынша берешек}} \times 100\% - 100\%$$

Рейтингтік бағалау үш кезеңде жүргізіледі: аудандық деңгейде, одан кейін облыстық деңгейде және соңында республикалық деңгейде.

Әрбір кезеңде келесі кезеңдегі жарысқа қатысатын, рейтингтің ең жоғарғы сомасын алған үш салық төлеуші айқындалады.

#### Рейтинг нәтижелері бойынша ақпараттар әзірлеу

Аудандар бойынша салық комитеттері аудан деңгейіндегі рейтинг өткізеді және облыс бойынша салық комитеттеріне аудандардың рейтингтерінде салық төлеушілердің жетістіктері туралы келесі салық жылының 15 сәуіріне дейін өлшемдер қимасында мәліметтер береді.

Облыстар бойынша салық комитеттері облыс деңгейіндегі рейтинг өткізеді және рейтингтердегі жетістіктер нәтижелері туралы мәліметті келесі салық жылының 20 сәуіріне өлшемдер қимасында ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігіне береді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі республикалық қортынды рейтингті келесі салық жылының 30 сәуірінде өткізеді.

#### Рейтинг нәтижелерін пайдалану

Аудандық және облыстық деңгейлерде өткізілген рейтингтердің нәтижелері аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатады. Республикалық рейтингтің қортындысы "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Кіріс Министрлігінің Жаршысында" және республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Оқығандар:

О м а р б е к о в а А . Т .

Икебаева А.Ж.